

«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ  
Басқарма 16 мусым 2017 жылғы  
№122 қаулысының №1 қосымшасы

**«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ заңды тұлғаларының (олардың  
филиалдарының және өкілдіктерінің)  
БАНКТІК АҒЫМДАҒЫ ШОТ ШАРТЫНЫҢ СТАНДАРТТЫ ТАЛАПТАРЫ**  
*(20.12.2018 ж. жағдай бойынша өзгерістермен, Басқарманың № 87 шешіміне сәйкес өзгерістер  
мен толықтырулар 30.12.2018 ж. бастап қолданысқа енгізілді)*

Алматы қаласы 2017

## 1. Жалпы талаптар

**1.1.** «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ заңды тұлғаларының (олардың филиалдарының және өкілдіктерінің) банктік ағымдағы шотының осы Стандартты талаптары (бұдан әрі – Шарт) «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ-ның (бұдан әрі – Банк) заңды тұлғаға (оның филиалдары мен өкілдіктеріне) дара кәсіпкерлерге, жекеше нотариустарға, жеке сот орындаушыларына және адвокаттарға (бұдан әрі – Клиент) ағымдағы банктік шотты ашу, жүргізу және жабу операцияларын жасау талаптары мен тәртібін анықтайды (төлем карталарын пайдаланылатын операциялар көрсетілетін ағымдағы банктік шоттан басқасы), сондай-ақ Тараптардың құқықтарын, міндеттерін, жауапкершілігін (төменде анықталғандай), Банк пен Клиент арасындағы басқа да құқықтық қатынастардың ерекшеліктерін (төменде анықталғандай) анықтайды.

*(1.1.-тармақ ҚЖ 28.12.2017ж. № 51 өзгертілді)*

**1.2.** Шарттың талаптарын Банк анықтаған және Банктің Интернет-ресурстарында жарияланған ([www.hcsbk.kz](http://www.hcsbk.kz)) және Банктің барлық Филиалдары мен Бөлімшелерінде (операциялық залдарында) орналастырылған.

**1.3.** Осы Шарт Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 389-бабының ережелеріне сәйкес жасалған қосу шарты болып табылады, оның талаптарын жалпы алғанда Банк қарастырылған нысанға сәйкес, Клиенттің уәкілетті өкілі (тұлға) қол қойған осы Шартқа қосылу туралы Өтініш негізінде (бұдан әрі Қосылу туралы өтініш) осы Шартқа қосылу арқылы Клиент қабылдауы мүмкін. Банк және Клиент туралы мәліметтер Қосылу туралы өтініште көрсетіледі. Сонымен қатар Қосылу туралы өтініш пен Шарт тек қана бір құжат ретінде қарастырылады.

**1.4.** Клиенттің (оның өкілінің) Қосылу туралы өтінішке қол қоюы мына жайттарға куә болады:

1) Клиент Шарттың талаптарын толық көлемде оқыған, түсінген және қандай да бір ескертусіз және қарсылықсыз қабылдаған;

2) Шартта саналы түрде, түсінікті мүддесіне қарай қабылдамайтын Клиент үшін қандай да бір ауыртпашылық түсіретін талаптар жоқ;

3) Егер Банкте Клиент (оның өкілі) қол қойған қосылу туралы өтініші болса, Клиенттің Шартты оқымағанының/түсінбегенінің/қабылдамағанының куәсі ретінде Шартта қолының болмауына сілтеме жасауға құқығы жоқ;

4) Клиент ағымдағы банктік шотты ашу, жүргізу және жабу бойынша барлық талаптармен келіседі;

5) Шарттың барлық ережелері Клиенттің мүддесі мен ерік білдіруіне толық көлемде сәйкес келеді;

6) Клиент Шарт жасауға және ағымдағы банктік шотты ашуға қажетті барлық рәсімдерді сақтаған;

7) Шарт жасау және оның талаптарын орындау, соның ішінде Шарт бойынша кез келген ағымдағы банктік шотты ашу Клиенттің құрылтайшылық және басқа да құжаттарын және/немесе Қазақстан Республикасы заңнамаларының кез келген ережесін және/немесе Клиентке қолданылатын заңнаманы бұзбайды және бұзуға әкеліп соқпайды.

**1.5.** Шарттың барлық қосымшалары (олар болған жағдайда), қосылу туралы өтініш және Банк көрсететін ағымдағы банктік шотты ашу, жүргізу және жабу қызметі аясында (Банктің тиісті белгісі қойылған жағдайда) Банктің Клиенттен қабылдаған басқа да өтініштері, өтініштің мәтінінде басқаша көрсетілмесе, Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

## 2. Шарттың мәні

**2.1.** Банк банктік қызмет көрсетуге Клиентті қабылдайды, қызмет Банктің қолданыстағы тарифтеріне (бұдан әрі – Тарифтер) сәйкес жасалады.

**2.2.** Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктік ішкі құжаттарына сәйкес Шот ашуға қажетті құжаттарды Банкке Клиент тапсырған кезде Клиент қол қойған Қосылу туралы өтініштің негізінде, Банк Клиентке ағымдағы банктік шот (бұдан әрі – Шот) ашады.

**2.3.** Шот нөмірі Қосылу туралы өтініштегі Банктің тиісті белгісінде көрсетіледі.

**2.4.** Шот тек қана ұлттық валюта – теңгеде ашылып, жүргізіледі.

**2.5.** Шартта басқаша қарастырылмаса, Клиент қол қойған Қосылу туралы өтінішті тапсыру арқылы, Клиент Шарт аясында бір немесе бірнеше Шот ашуға құқылы. Сонымен қатар, Шарт талаптары Клиент ашқан әрбір Шотқа таралады.

**2.6.** Қазақстан Республикасының заңнамасына, Банктің ішкі құжаттарына және осы Шартқа сәйкес, Банк және Клиент Шот ашып, жүргізеді, сондай-ақ Шоттан ақша береді/алады.

**2.7.** Клиент Шартқа қосылғаннан кейін Клиентке жаңа Шоттар ашу осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Қосылу туралы өтініш негізінде жүзеге асырылады.

**2.8.** Клиенттік Шотқа орындалмаған талаптары және/немесе Клиентті-заңды тұлғаны жою немесе қайта құрылымдауға байланысты Шотты жабу жағдайларынан басқа, өкімдер болғанда, Шотты жабуға жол берілмейді.

### **3. Шоттағы ақшаға иелік ету тәртібі мен талаптары**

**3.1.** Шот бойынша Клиентке банктік қызмет көрсету Клиенттермен жұмыс кестесін бекітетін Банктің ішкі құжаттарына сәйкес уақыт кезеңінде (бұдан әрі – операциялық күн) жүзеге асады және Шот бойынша көрсетілген қызмет үшін комиссиялық сыйақыны Банк Тарифтерге сәйкес ұстайды. Банк Клиентпен келіспестен өз бетінше қызмет көрсету уақытын өзгертуге және Тарифтердің көлемін өзгертуге құқылы. Тиісті өзгертулер (қызмет көрсету уақыты және Тарифтердің көлемі) туралы ақпарат Банктің Клиент үшін қолжетімді үй-жайларында (операциялық бөлімшелерде), сондай-ақ Банктің Интернет-ресурсында ([www.hcsbk.kz](http://www.hcsbk.kz)) жарнама орналастыру арқылы, мұндай өзгертулер бекітілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Клиентке жеткізіледі.

**3.2.** Шоттағы ақшаға иелік ету қағаз тасымалдағышта Клиенттің Банкке жазбаша нұсқау тапсыруы арқылы жүза асады. Нұсқаулар, Банктің қолданып жүргені болмаған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген нысан бойынша орындалуы тиіс.

**3.3.** Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген мерзімде және тәртіпте нұсқауларды акцептейді.

**3.4.** Клиенттік нұсқаулары, соның ішінде салық және басқа да бюджетке төленетін міндетті төлемдерді төлеу бойынша нұсқауы тек қана операциялық күн ішінде қабылданады. Операциялық күннен кейін Клиент берген нұсқауларды Банк келесі операциялық күннің басында алған болып есептеледі.

**3.5.** Клиенттің Банк акцептеген нұсқауын кері қайтаруы немесе нұсқауды орындауды тоқтатуы Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген тәртіпте оны орындағанға дейін ғана жасалынатын болады.

**3.6.** Шоттағы ақшаға тыйым салуға немесе Шоттағы шығыс операцияларын тоқтатуға құқығы бар уәкілетті мемлекеттік орган/уәкілетті тұлға шешіміне сәйкес, Шоттағы ақшаға тыйым салынғанда немесе Шотқа шығыс операцияларын тоқтату туралы өкім шыққанда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған басқа да жағдайларда, Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпте Шот бойынша тиісті операциялар өткізуді тоқтатады. Шоттағы ақшаға тыйым салу немесе Шоттағы шығыс операцияларын тоқтату туралы шешімді (қаулыны) алып тастау туралы уәкілетті мемлекеттік органның/уәкілетті тұлғаның жазбаша хабарламасын алғаннан кейін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған басқа да жағдайларда, Банк шот бойынша операцияларды қайта жалғастырады.

**3.7.** Шоттан ақша алу Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шартта тікелей қарастырылған жағдайлардан басқа, Клиенттің келісімімен жасалды.

**3.8.** Шотқа үшінші тұлғалардың талабы орындауға қабылданады және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес орындалады.

**3.9.** Банк кез келген уақытта Клиент тарапынан қандай да бір қосымша келісімсіз немесе Клиентті хабарлаусыз кез келген түрде Банкке тиесілі кез келген соманы, соның ішінде мұндай құқық қарастырылған Банкпен жасалған кез келген шарт негізінде, Банктің комиссиялық сыйақысы сомасын, сондай-ақ Шот бойынша түзетуші сымдарды Банктің жасауына қажет болған жағдайда (Шотқа қателесіп ақша қосылып кеткенде және т.б.), Шоттан алуға (банктік шотты тікелей дебеттеу) құқылы. Сонымен қатар Банкке қарыздың есебі ретінде Шоттан Банк алған барлық сома Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе тиісті шартта қарастырылған кезектілікпен мұндай қарызды өтеуге жұмсалады.

**3.10.** *20.12.2018 жылғы №87 – БШ-ның 3.10 тармақ алынып тасталды.*

#### **4. Шоттан қолма-қол ақша қабылдау және беру**

**4.1.** Ақша қабылдау (және Шотқа ақша қосу), беру (Шоттан алу) кіретін қолма қол ақшамен операцияларды Қазақстан Республикасының заңнамасында, Банктің ішкі құжаттарында бекітілген тәртіпте Банк жүзеге асырады.

**4.2.** Шотқа иелік етуде шектеулер болмаған кезде, соның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына орай, ақша беруге байланысты төленуі тиіс Банктің комиссиялық сыйақысының сомасын ескере отырып, Шоттағы қолжетімді ақша қалдығының шеңберінде, қолма-қол ақша беру Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында қарастырылған төлем құжаттары негізінде жүзеге асады.

#### **5. Банктік шотты тікелей дебеттеу**

**5.1.** Осы Шартқа сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе Клиент пен Банк арасында жасалған кейбір шарттарда/келісімдерде қарастырылған басқа да жағдайларда, Клиент Банк көрсеткен қызмет ақысын төлеу бойынша Банк талаптары негізінде (банктік шотты тікелей дебеттеу) Банкте ашылған Клиенттің кез келген банктік шотынан ақша алуға Банкке сөзсіз, даусыз келісім береді.

**5.2.** Клиенттің төлем құжаттарын, соның ішінде Банктің төлем ордерін орындауға қажетті ақшасы болмағанда немесе жетпегенде, Банк Клиент шотына орындауға жеткілікті ақша сомасы түскенге дейін Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген тәртіпте, оларды картотекада сақтайды.

#### **6. Банктің комиссиялық сыйақысы**

**6.1.** Шотты ашу, жүргізу және жабу операцияларын жасау, сондай-ақ ол бойынша операциялар жасау үшін Клиент Банкке Тарифте қарастырылған көлемде комиссиялық сыйақы төлейді.

**6.2.** Клиенттің танысуы үшін Банктің барлық филиалдарында және олардың қосымша үй-жайларында, [www.hcsbk.kz](http://www.hcsbk.kz) Банктің Интернет-ресурсында тарифтер қолжетімді .

**6.3.** Қазақстан Республикасының заңнамасында басқаша қарастырылмаған жағдайда, Банк біржақты тәртіпте Банктің қызметіне жаңа Тарифтер енгізуге, Тарифтерге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы. Тарифтерге енгізілген өзгерістер туралы Банк [www.hcsbk.kz](http://www.hcsbk.kz) Банктің Интернет-ресурсына ақпарат орналастыру арқылы, сондай-ақ Банктің барлық филиалдарында және олардың қосымша үй жайларында Клиенттерге хабар береді.

**6.4.** Банктің комиссиялық сыйақысын Клиент қолма-қол ақшамен (Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған шектеулерді ескере отырып), қолма-қолсыз аударумен, банктік шотты тікелей дебеттеу арқылы, Шарттың және Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын сақтай отырып, төлеуі мүмкін.

## 7. Клиенттің құқықтары мен міндеттемелері

### 7.1. Клиент:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Шартта қарастырылған тәртіпте Шотта жатқан ақшаға өз бетінше иелік етуге;
- 2) Шартта белгіленген талаптарды ескере отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Шотқа және/немесе ақшаға иелік етуді үшінші тұлғаларға сенуге;
- 3) Қазақстан Республикасының банктік заңнамасында бекітілген қолма-қолсыз есептесудің барлық түрлерін пайдалануға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында, Банктің ішкі құжаттарында және осы Шартта бекітілген талаптарда және тәртіпте қолма қол ақшамен операция жасауға;
- 4) Операциялық күн ішінде Шоттағы ақша қалдығы шеңберінде Шот бойынша операциялар жасау туралы Банкке нұсқау беруге;
- 5) Банк Тарифтерімен танысуға;
- 6) Операция өткізілген күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Шот бойынша үзіндіде көрсетілген Шот бойынша операцияларды даулау туралы Банкке өтініш беруге. Өткізілген сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Шот бойынша өткізілген операциялар бойынша Клиенттің кінәрат-талабын Банк алмаған жағдайда, операция расталды деп саналады.
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе осы Шартта басқаша қарастырылмаса, Шотты кез келген уақытта жабу туралы өтінішті Банкке беруге;
- 8) Шоттан қолма-қол ақша алған болжалды күнге дейін Банктің ішкі құжаттарымен бекітілген мерзімде Клиенттің қолма-қол ақшаға сұранысын анықтау үшін Банкке өтініш беруге құқығы бар.

### 7.2. Клиент:

- 1) Шот ашу үшін, сондай-ақ қажет болған жағдайда, шот бойынша операция жасау үшін, Қазақстан Республикасының заңнамасына, Банктің ішкі құжаттарына және осы Шартқа сәйкес Банк талап ететін, тиісінше рәсімделген құжаттарды тапсыруға;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Банктің талаптарымен қойылатын талаптарға сәйкес Шот бойынша операцияларды Банктің жасауы бойынша нұсқауды жазбаша рәсімдеуге, және Банк белгілеген операциялық күннің ішінде оларды қабылдауға;
- 3) Клиентке тиесілі емес ақша Шотқа қате есептелініп кетсе, Банкке дереу хабар беруге және Шотқа қате есептелген ақшаны Банкке 3 (үш) банктік күн ішінде қайтаруға;
- 4) осы Шарттың 7.2. тармағының 2) тармақшасына сәйкес Банкке қайтармаған жағдайда, Шотқа қате есептелген ақшаны Банктен талап түскен күннен бастап 3 (үш) банктік күн ішінде қайтаруға;
- 5) Үшінші тұлғалардың Шотқа қойған төлем талаптары негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген тәртіпте 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей ақша алуға келісім беруге; осы тармақтың әрекеті Клиент шотынан ақша алуға Клиенттің келісімі бар шарт негізінде қойылған төлем талаптарына таралмайды;
- 6) Сенімхат негізінде Шотқа иелік етуге уәкілетті тұлғалардың өкілеттілігі мерзімінен бұрын аяқталғанда немесе тұлғалар ауыстырылғанда, бұл туралы Банкті жазбаша түрде немесе Тараптар өзара келіскен басқа да байланыс құралымен хабарлауға және 1 (бір) жұмыс күні ішінде мұндай өзгерістерді растайтын құжаттардың түпнұсқаларын тапсыруға. Клиент хабарлау тәртібін орындамаған/тиісінше орындамаған жағдайда, Банк Клиентке келтірілуі мүмкін шығын үшін жауапкершіліктен босатылады;
- 7) Клиенттің құрылтайшылық құжаттарына өзгерістер/толықтырулар енгізілген кезде, Клиенттің орналасқан орны, мекенжайы, басқа да деректемелері, телефон нөмірлері, факстері өзгеруі, сондай-ақ осы Шарттың талаптарын орындау үшін маңызы бар басқа да өзгерістер кезінде, өзгерістер/толықтырулар енгізілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Банкті бұл туралы жазбаша немесе Тараптар өзара келіскен басқа да байланыс құралымен хабарлауға немесе өзгертулерді растайтын құжаттардың түпнұсқаларын беруге;

8) Банк [www.hcsbk.kz](http://www.hcsbk.kz) Банктің Интернет-ресурсында, сондай-ақ Банктің барлық филиалдарында және олардың қосымша үй жайларында Тарифтердің өзгергені туралы өз бетінше білуге;

9) Банк [www.hcsbk.kz](http://www.hcsbk.kz) Банктің Интернет-ресурсында, сондай-ақ Банктің барлық филиалдарында және олардың қосымша үй жайларында Шарт талаптарының өзгергені және толықтырылған туралы өз бетінше білуге міндетті.

## 8. Банктің құқықтары мен міндеттемелері

### 8.1. Банк:

1) Шот ашу үшін Банктің ішкі құжаттарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған кез келген құжаттарды, сондай-ақ шот бойынша операциялар жасау және басқа да банктік қызмет көрсету кезінде қажетті қосымша құжаттарды талап етуге;

2) Бір жақты тәртіппен Клиентпен алдын ала келісімсіз банктік қызмет көрсетуге тарифтерге өзгеріс енгізуге, бұл жайлы Клиентке осы Шарт 3.1 тармағында қарастырылған тәртіпте хабар беріледі;

3) Осы Шартқа сәйкес тікелей дебеттеу арқылы Шоттан, сондай-ақ Банкте ашылған Клиенттің басқа да банктік шотынан мынадай жағдайларда ақша алуды (есептен шығаруды) жүзеге асыруға:

- Қолданыстағы Тарифке сәйкес банктік қызмет көрсету үшін комиссиялық сыйақы сомасын ұстауға;

- Растаушы құжаттар болғанда, төлем құжаттарының жалғандығы дерегін анықтауға;

- Клиент Шотына ақша есептеудің қателігі фактілерін анықтауға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес үшінші тұлғалардың нұсқауы бойынша Шоттан ақша алуға (есептен шығаруға);

5) Шот бойынша шығыс операцияларын тоқтату туралы уәкілетті органның өкімі Банкке келіп түскен жағдайда Шотты бұғаттауға, Клиенттің ақшасына тыйым салу туралы уәкілетті органның/уәкілетті тұлғаның шешімі түскен жағдайда Шоттағы ақшаның сәйкес сомасын бұғаттауға;

6) Клиенттің орындалмаған талаптары (кредиттер, кепілдіктер, овердрафттар және басқа.) және (немесе) банктік шот бойынша шығыс операцияларын тоқтату құқығы бар Шотқа уәкілетті мемлекеттік органдардың өкімі, уәкілетті мемлекеттік органдардың және Клиенттік ақшасына тыйым салуға құқығы бар лауазымды тұлғаның шешімі (қаулысы) болғанда Шотты жабудан бас тартуға, соның ішінде Клиент-занды тұлғаны жоюға және қайта құрылымдауға байланысты Шотты жабу жағдайларынан басқа, Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасына сәйкес Клиент беретін сыртқы экономикалық экспорттық-импорттық келісім-шарттар бойынша;

7) Банкте ашылған банктік шоты болғанда Клиентке қосымша шот ашудан бас тартуға, оған мемлекеттік кіріс органдары инкассалық өкім және/немесе шығыс операцияларын тоқтату туралы өкімді қояды;

8) Хабар берілген күннен бастап үш ай өткеннен кейін осы Шарттың 8.2. тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Клиент Шот бойынша операцияларды жаңартпайды, бір жақты тәртіппен Шартты бұзуға және Шотты жабуға; Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес нотариустің депозитіне ақша қалдығын аудара отырып;

9) Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпте және жағдайда Шот бойынша шығыс операцияларын тоқтатуға, операция жасаудан бас тартуға.

10) Клиент берген мәліметтердің растығын тексеру мүмкін болмаған кезде немесе Клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі туралы мәліметтерді жаңартуға қажетті мәліметтер мен ақпараттарлы Клиент тапсырмаған кезде, сондай-ақ қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған қылмыстық жолмен алынған

кірістерді заңдастыру (жылыстату) және (немесе) терроризмді қаржыландыру мақсатында Клиент іскерлік қатынасты пайдаланды деген қызмет көрсету барысында күдік туған кезде, Клиентпен іскерлік қатынасты тоқтауға құқылы.

## **8.2. Банк:**

1) Бір жылдан аса уақыт Клиенттің Шотында ақша қозғалысы болмаған және ақша қалдығы болған жағдайда, Клиентке Шоттағы ақша қозғалысы туралы және хабарланғаннан күннен бастап үш ай өткеннен кейін оны жабу туралы хабарлауға;

2) Шарттың 3.1. тармағында қарастырылған тәртіпте қолданыстағы Тарифтермен Клиентті таныстыру;

3) Банк қосымша сұраған барлық құжаттар мен басқа да құжаттарды Банкке Клиент тапсырған кезде Клиент қол қойған Шарттың Қосылу туралы өтініші негізінде жеке сәйкестендіру код(тар) беру арқылы, Клиентке шот ашуға;

4) Шот ашылғаннан кейін Клиентке жеке сәйкестендіруші кодты көрсете отырып, Шот ашу туралы анықтама тапсыруға;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе осы Шартта басқаша қарастырылмаса, Клиент берген өтінішке сай, Клиенттің шотын ашуға;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе осы Шартқа сәйкес Шот бойынша операция жасауға;

7) Клиенттің Шоты бойынша банктік құпияға кепілдік беруге. Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе осы Шартта қарастырылған жағдайлардан басқа, Клиенттің келісімінсіз Шоттың және ол бойынша операциялардың жағдайы туралы мәліметтерді бермеуге;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген тәртіпте орындауға жеткілікті Клиент шотында ақша сомасы түскенге дейін көрсетілген төлем құжаттарын орындауға қажетті Клиенттен ақша сомасы жетпеген немесе болмаған жағдайда, Клиентпен/Банкпен инкассалық өкімді, төлем талаптарын картотекаға қабылдауға және сақтауға;

9) Орындауға жеткілікті Шоттағы ақша сомасы болған жағдайда Клиенттің тиісінше рәсімделген нұсқаулары негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген тәртіпте және мерзімде үшінші тұлғалардың және/немесе Банктің комиссиялық сыйақысын алуды ескере отырып, Клиенттің нұсқауын орындауға,

10) Осы Шарттың 3.1. тармағында қарастырылған тәртіпте өзгеріс енгізілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Тарифтерді өзгерту туралы Клиентке хабар беруге;

11) Шоттың жағдайы туралы мәліметі бар ақпараттарды клиентке немесе ол өкілеттілік берген тұлғаға беруге;

12) Шешімдерді алып тастау туралы Шоттағы ақша тыйым салу/Шот бойынша операцияларды тоқтату туралы шешім шығарған Қазақстан Республикасының органдарының лауазымды тұлғаларының немесе уәкілетті мемлекеттік органдарының тиісті жазбаша хабарламасы негізінде Клиент шоты бойынша операцияларды жаңартуға;

13) Операция өтетін күннен кейінгі операциялық күннен кешіктірмей қағаз тасымалдағышта төлем құжаттарының даналарын қоса бере отырып, Шот бойынша үзінді беру арқылы, Шот бойынша өткізілген операциялар туралы ақпаратты Клиенттік талабы бойынша тапсыруға;

14) Операциялық күн ішінде үшінші тұлғалар қоятын төлем талаптарын және инкассалық өкімдерді қабылдауға. Алған күннен келесі операциялық күннен кешіктірмей төлемге және/немесе акцептіге көрсетілген құжаттарды көрсетуге. Сондай-ақ инициаторға (бенефициарға) акцептіден немесе төлемнен, төлем талабын немесе инкассалық өкімдерді жіберушіге қайтарудан бас тарту туралы хабарламаны беруге;

15) Төлем тапсырмасын акцептілеуден бас тартқан кезде төлем тапсырмасын алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жіберушіге тиісті жазбаша немесе электронды хабарлама жіберуге міндетті.

## **9. Тараптардың жауапкершілік**

### **9.1. Банктің жауапкершілігі:**

- 1) Клиентке банктік қызмет көрсетуге байланысты бұзушылықтар жасағаны үшін, Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шеңберлерде Банк жауапкершілік көтереді;
- 2) Төлем тапсырмасы бойынша төлем жасау үшін ақша сомасы Банкте жеткілікті болғанда оның акцептісі талап етілмейтін Клиентпен келісілген төлем талабын төлеуді кешіктіргені үшін немесе төлемегені үшін, Банк Клиентке мерзімі өткен әрбір күн үшін төлем сомасының \_\_\_\_\_% көлемінде тұрақсыздық айыбын төлейді, бірақ көп емес \_\_\_\_\_%.

### **9.2. Клиенттің жауапкершілігі:**

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалған операциялардың заңдылығы үшін, соның ішінде жарғылық қызметіне жасалған операциялардың сәйкестігі үшін, сон-дай-ақ Шот ашу және ол бойынша операция жүргізу үшін негіз болатын банкке тапсырылатын құжаттардың растығы үшін Клиент жауапкершілік көтереді;
- 2) Клиент Шотқа қате есептелген ақша анықталған немесе Шотқа қате есептелген ақша Банктің талабы түскен күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде қайтармағаны және/немесе уақтылы қайтармағаны үшін қайтарудың мерзімін өткізудің/қайтармаудың әрбір күні үшін Шотқа қате есептелген ақша сомасын қайтармау/уақтылы қайтармаудың \_\_\_\_\_% көлемінде айыппұл түрінде жауапкершілік көтереді. Сонымен қатар қайсысының бұрын пайда болғанына байланысты жоғарыда көрсетілген міндеттемелердің бірі басталған күннен бастап өсімпұл есептеледі.

### **9.3. Жауапкершіліктің ескертпесі:**

- 1) Осы Шарттың мәніне тікелей қатынасы бар және Тараптардың еркіне байланысты емес, басқа міндеттемелердің және байланыс желісінің бұзылуын, электроқуатының өшуі, бағдарламалық қамтамасыз етудің үзілуі, Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің, уәкілетті мемлекеттік органдардың шектеу-тыйым салу сипатындағы шаралар/актілер қабылдауын қоса алғанда, бірақ бұлармен шектелместен, мұндай жағдайлар дүлей күш жағдайларының басталуының салдары болып табыласа, Тараптар осы Шарттың міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершілік көтермейді;
- 2) Деректемелері қате көрсетілген Клиенттің төлем құжаттарын орындау үшін Банк жауапкершілік көтермейді;
- 3) Өндірудің дұрыстығы, сондай-ақ Клиенттің келісімінсіз ақшаны алуға (есептен шығаруға) негізді төлем құжатында көрсету үшін жауапкершілікті өндіруші көтереді. Банк келісімінсіз Шоттан ақша алуға (есептен шығару) қарсы Клиенттік наразылығын қарамайды.
- 4) Банкке қатысы жоқ басқа да себептер бойынша және үшінші тұлғалардың немесе Клиенттің түсініксіз, толық емес немесе дәл емес нұсқаулары нәтижесінде туындаған осы Шарты бойынша міндеттемелерді орындамау немесе тиісінше орындамау үшін Клиент алдында Банк жауапкершілік көтермейді.
- 5) Шот бойынша операция жасауды тоқтату, бас тарту және немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалған Шоттағы ақшаға тыйым салу нәтижесінде Клиентке келтірілген шығын үшін, соның ішінде, уәкілетті орган/уәкілетті тұлғалардың шешімдері/қаулылары негізінде, сондай-ақ Клиенттің акцептісін талап етпейтін инкассалық өкімдерді және/немесе төлем талаптарының негізінде үшінші тұлғаларға Клиенттің Шотынан ақшаны есептен шығару нәтижесінде Клиентке келтірілген шығын үшін, Банк жауапкершілік көтермейді;
- 6) Банк осы Шартта қарастырылған міндеттемелерді клиенттің орындамауы немесе тиісінше орындамауынан Клиентке келтірілген зиян үшін жауапкершілік көтермейді;
- 7) Осы Шарттың 7.2. тармағының 5) тармақшасына сәйкес олардың өкілеттілігі мерзімімен бұрын тоқтағаны туралы немесе тұлғаларды ауыстыру туралы Банктің Клиентін хабарламағанда/уақтылы хабарламағанда, Шотқа иелік етуге Клиент өкілеттілік берген тұлғалардың әрекеті үшін жауапкершілік көтермейді.
- 8) Осы Шарттың талаптарын бұзғанда Банктің жауапкершілігі кез келген жағдайда Банктің заңды емес әрекеттерінен/әрекетсіздігінен Клиентке келген нақты зиянның көлемімен шектеледі.

### **9.4. Үшінші тұлғалардың жауапкершілігі:**

- 1) Үшінші тұлғалардың нұсқауы бойынша Клиенттің шотынан негізсіз ақша алу (есептен



шегеру) үшін жауапкершілікті мұндай нұсқауды берушілер көтереді. Келісімсіз Шоттан ақшаны есептен шығаруға қарсы Клиенттің наразылығын Банк қарастырмайды;

2) Шот бойынша операцияларды негізсіз тоқтату және/немесе Клиенттің Шотындағы ақшаға тыйым салу үшін жауапкершілікті Клиент Шоты бойынша операцияны тоқтату туралы және/немесе Клиенттің Шотындағы ақшаға тыйым салу туралы шешім шығарған мемлекеттік орган көтереді.

## **10. Шарттың әрекетінің талаптары**

**10.1.** Қосылу туралы өтініштің мәтінінде басқаша көрсетілмесе, тиісті белгі қою арқылы Клиент (оның өкілі) қол қойған Қосылу туралы өтінішті Банк қабылдаған сәттен бастап Қосылу туралы өтініш қабылданды, ал Шарт жасалды деп есептелінеді. Шарттың әрекеті мерзімі шектелмеген және Тараптардың мүдделілігінің болуымен анықталады.

**10.2.** Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы банктер және банктік қызмет туралы» заңының 40 бабына сәйкес Банкпен ерекше қатынас арқылы байланысқан тұлғалар болып табылатын Клиенттермен Шарт жасалады.

**10.3.** Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Шартта қарастырылған жағдайлардан басқа, Клиенттің өтінішін алғаннан кейін 15 (онбес) күнтізбелік күнінен кешіктірмей кез келген уақытта Клиенттің өтініші бойынша Шот жабылады.

**10.4.** Келесі жағдайларда біржақты тәртіппен Қазақстан Республикасының заңнамасында басқа жайттар қарастырылмаса, Банктің бастамасымен Шоттың жабылуы мүмкін:

1) Шотта бір жылдан аса ақша болмаған кезде;

2) Шарттың 8.2. тармағының 1) тармақшасында қарастырылған тәртіпте бір жылдан аса Шот бойынша қозғалыс болмағанда.

## **11. Дауларды шешу тәртібі**

**11.1.** Осы Шартпен реттелмеген мәселелерге қатысты, Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

**11.2.** Осы Шартты орындау барысында пайда болған немесе оған байланысты барлық дау мен келіспеушіліктер 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей тараптар бірге қарастырады.

Осы Шартқа байланысты, Тараптардың келісімі бойынша шешілмеген даулар Банктің аумақтық бөлімшесі немесе бас кеңсе орналасқан жер бойынша сот қарастырады – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талапкердің таңдауы бойынша.

**11.3.** Ақшаны төлеуші мен алушы арасындағы есеп бойынша өзара кінәрат-талап Банктің қатысуынсыз тікелей олардың өздерімен қарастырылады.

## **12. Шартты өзгерту тәртібі**

**12.1.** Банк біржақты тәртіпте Клиенттің алдын ала келісімсіз Шартқа өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізуге құқылы.

Банктің [www.hcsbk.kz](http://www.hcsbk.kz) интернет-ресурсында ақпарат орналастыру арқылы, сондай-ақ Банктің филиалдарының операциялық залдарында және олардың қосымша үй-жайларында көзге оңай шалынатын жерде өзгерістер және/немесе толықтырулар күшіне енген күнге дейін 5 (бес) жұмыс күн бұрын ақпарат орналастыру арқылы Шартқа енгізілген өзгерістер және/немесе толықтырулар туралы Банк Клиентке хабар береді.

**12.2.** Шартқа өзгерістер және немесе толықтырулар енгізу туралы Клиентке ақпарат берген сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде, енгізілген өзгерістерді және/немесе толықтыруларды ескере отырып, Шарттың талаптарын қабылдамау туралы Банкке Клиенттің өтініш бермеуі шарттың жаңа редакциясымен (өзгертілген/толықтырылған) Клиенттің келіскенін және енгізілген өзгерістер және/немесе толықтыруларды ескере отырып оған қосылғанын білдіреді.

**12.3.** Шартқа өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізілгеннен кейін, ол өзгертілген/толықтырылған түрде әрекет ете береді.

**12.4.** Шартқа өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізуді талап ететін Қазақстан Республикасының заңнамасы өзгерген жағдайда, Шартқа өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізгенге дейін осы Шарттың 12.1-12.3 тармақтарында бекітілген тәртіпке сәйкес Шарттың Тараптары Қазақстан Республикасының заңнамаларының тиісті ережелерін басшылыққа алады.

### **13. Құпиялылық**

**13.1.** Шартқа байланысты Тараптардың бір-біріне беретін кез келген ақпараты, сондай-ақ Шарттың жасалу дерегі құпия ақпарат болып табылады және Қазақстан Республикасының заңнамасының және Шарттың талаптарынан басқа жайттар туындамаса, басқа Тараптың алдын ала жазбаша келісімін алмастан үшінші тұлғаларға жарияланбауы керек.

**13.2.** Банк Шартқа сәйкес Банк көрсеткен қызметке және Клиентке қатысты құпия ақпаратты қамтамасыз етудің қолынан келетін барлық шараларын жасайды.

**13.3.** Егер құпиялылық клиенттің кінәсінен бұзылса немесе құпия ақпарат басқа көздерден үшінші тұлғаларға белгілі болса, банк жауапкершілік көтермейді.

**13.4.** Қосылу туралы өтініш бере отырып және Банктің офисіне өзі келіп, Клиент ағымдағы шоттарды ашу, жүргізу және жабу, Шартта қарастырылған операцияларды жасау мақсаты үшін, Банктің ақпаратты ашу деңгейіне бекітілген сақтаудың қажеттілігін бекітетін Банктің ішкі құжаттарын, Қазақстан Республикасының заңнамасының ережелеріне сәйкес кез келген ақпаратты ашу талап етуге құқылы екеніне, ал Клиенттің оның бірінші талабы бойынша Банкке, шартта қарастырылғандай құпиялылық талаптарын Банктің сақтауымен, Банк бекіткен мерзімде кез келген ақпаратты беруге міндеттенетініне келіседі.

**13.5.** Қосылу туралы өтініш бере отырып, Банктің кеңсесіне өзі келіп, Клиент келесі үшінші тұлғаларға сөзсіз және қайтарымызсыз Клиенттің қандай да бір қосымша келісімінсіз шарт негізінде құпия негізде тапсыруға Банкке өкілдік береді:

- банктің заңды тұлғаларымен үлестес Банктің ірі қатысушылары болып табылатын заңды тұлғаларға;

- Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарына, соттарға, құқық қорғау органдарына (соның ішінде тергеу және/немесе алдын ала тергеу органдарына, ұлттық қауіпсіздік органдарына) олардың сауалы бойынша немесе Банк алдындағы міндеттемесін Клиент бұзған жағдайда, немесе Клиент Қазақстан Республикасының заңнама нормаларын бұзған жағдайда;

- Шарт бойынша құқық талаптарын Банк шегеретін үшінші тұлғаларға – Банк пен клиент арасында жасалған басқа да шарттар және/немесе Шарт және/немесе Клиентке қатысы бар ақпараттардың барлығын, кез келгенін, соның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталғандай банктік құпиясы бар әрекетін тоқтатқан, сондай-ақ коммерциялық немесе басқа да заңмен қорғалатын құпияны;

**13.6.** Осы арқылы осы Шартты және/немесе Банспен жасалатын басқа да мәмілелерді жасау мақсатында және орындау аясында, соның ішінде ол бойынша Клиенттің өз міндеттемелерін тиісінше орындау, сондай-ақ Банк, Клиент және (немесе) кез келген үшінші тұлға арасында туындауына немесе туындау мүмкіндігіне байланысты, соның ішінде олармен Клиент және (немесе) Банк жағдайлармен, кез келген жағдайға байланысты, банктік қызмет көрсету және басқа да қызмет көрсетуге байланысты (қоса алғанда, бірақ шектелместен) соның ішінде оларды көрсету алдында жасаумен және кез келген әрекет/мәміле көрсету барысында (бағалау және (немесе) сақтандыру (егер қарастырылса) және т.б); хабарламаларды, талаптарды жіберумен, сондай-ақ хабарландырумен, соның ішінде Банктің қызметі туралы; кез келген мәліметтер мен ақпаратты сұратумен және алумен байланысты, сондай-ақ Ақпаратты жинау, өңдеу және тарату қажеттілігі туындаған және болған кезде, Клиент Банкке кез келген Клиент туралы ақпаратты, соның ішінде банктік және басқа да заңмен қорғалған құпиясы бар ақпаратты, Клиенттің дербес деректерін (оның өкілдерін) (бұдан әрі – Ақпаратты) Банктің барлық көздерінен жинақтауға, өңдеуге, таратуға сөзсіз келісімін береді. Ақпаратты жинау, өңдеу және тарату Қазақстан

Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін кез келген тәсілмен Банктің қалауы бойынша жүзеге асады.

### **13.7. Банк:**

1) Шартпен жасалған заңнама талаптарына сәйкес және басқа да жағдайларда Банк мұндай әрекет жасауға міндетті немесе құқылы болатын кезде, уәкілетті мемлекеттік органдарға және кез келген басқа тұлғаларға ақпаратты беруге; Ақпаратты берудің трансшекаралық беруді жүзеге асыруға, соның ішінде Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңына сәйкес (бұдан әрі – Заң);

2) Ақпаратты тарату, соның ішінде Заңға сәйкес;

3) Ақпаратқа қолжетімділік талабын дербес анықтауға;

4) банкпен құқықтық қатынас аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасының заңнамасында және банктің ішкі құжаттарымен, бекітілген сақтау мерзімдері ішінде кез келген тасымалдағышта Ақпаратты сақтауға құқылы.

Банк кез келген үшінші тұлғаларға Ақпаратты жинау, өңдеу және беру бойынша Банк жасайтын әрекеттер туралы біреуді хабарлауға міндетті емес.

Банктің Ақпаратқа өзгерістер мен (және) толықтырулар енгізу үшін тиісті растаушы құжаттарды Банкке бере отырып, Клиент 3 (үш) жұмыс күні ішінде жаңа Ақпарат, Банкке берген Ақпаратқа енгізілген кез келген өзгерістер және/немесе толықтырулар туралы Банкке жазбаша хабарлауға міндеттенеді.

## **14. Қорытынды ережелер**

**14.1.** Бұл Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген тәртіпке қайшы келетін болса, Банк Шарт бойынша кез келген құқықтарды немесе міндеттемелерді шегеруге және беруге құқылы. Көрсетілген шегеру, беру немесе аудару Клиенттің қосымша келісімін талап етпейді.

**14.2.** Банктің жазбаша алдын ала келісімінсіз Шартқа байланысты туындаған қайнда да бір құқықтары немесе міндеттемелерін Клиенттің шегеруге немесе беруге құқығы жоқ.

**14.3.** Шарт Тараптар, олардың құқықтық мұрагері және уәкілетті өкілі үшін міндетті болып табылады.

**14.4.** Банк Шарт бойынша құқықтары мен міндеттемелерін бекіткен/берген үшінші тұлғаның қылмыстық жолмен алынған кірісті жылыстату, лаңкестік, алаяқтық, сыбайлас жемқорлық және т.б. секілді ақша жылыстату бойынша схемаларды және үшінші тұлғаның қылмыстық әрекеттерге тартылуын болдырмауға қажетті тиісті ішкі рәсімдері болса немесе мұндай рәсімдер үшінші тұлғаның резиденттілік елінің заңнамасымен бекітілсе, үшінші тұлғаның бірінші талабы бойынша, үшінші тұлға бекіткен мерзімде үшінші тұлғадағы және/немесе резиденттілік елінің заңнамасымен бекітілген қажетті рәсімдердің барлық талаптарын сақтауы және жасауға мүмкіндігі болуы үшін, бұған қажетті құжаттар мен ақпараттарды беруді немесе қамтамасыз етуді Клиент міндеттенеді.

**14.5.** Шарт Шарттың мәніне және талаптарына байланысты Тараптардың толық түсіністігі болып табылады және Шарттың талаптарына қатысты Тараптар арасында бар бұрынғы барлық жазбаша және ауызша келісімдер және сөз байласуларды ауыстырады.

**14.6.** Егер Шарттың қандай да бір ережесі күшін жойса, жарамсыз немесе заңсыз болса, бұл Шарттың қалған ережелерінің жарамдылығына және заңдылығына қандай да бір ықпал етпеуі немесе әлсіретпеуі тиіс. Мұндай жағдайда Тараптар жарамсыз ережені жаңа заңдық мәні бар ережеге ауыстыру үшін күш салады.

**14.7.** Егер Тараптардың бірі Шарт бойынша кез келген құқықты пайдаланбаса немесе уақтылы пайдаланбаса, бұл Шартта арнайы айтылған жайттардан басқа, құқықтардан бас тарту ретінде бағаланбауы тиіс және Тараптардың құқықтарына ықпал етпеуі тиіс.

**14.8.** Банктің үй-жайына өзі келіп, Қосылу туралы өтініш бергенде Клиент мыналарды растайды:

а) Клиент берген, Шарт жасау және орындау мақсатымен берілген барлық ақпараттың сенімді, толық әрі дәл болып табылатынын;

б) Шарт жасау Клиент бір тарабы болып табылатын кез келген шартқа, оның жарғылық құжаттарына, сондай-ақ Клиент сақтауға немесе оған қолданылатын кез келген басқа талаптарға, соның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына және Клиенттің резиденттілік елінің заңнамасына қайшы келмейтінін;

в) Клиент резиденттілік елінің заңнамасына сәйкес тиісінше құрылғанын, бекітілгенін және тіркелгенін;

г) Клиент және оның Өкілі, Уәкілетті тұлға Шартты жасасуға және орындауға тиісті корпоративтік органдардан/мемлекеттік органдардан барлық қажетті құқықтар мен өкілеттілікті алғанын;

д) Клиент Қазақстан Республикасы заңнамасының барлық тараптарын орындап жатқанын және орындайтынын; қаржы қызметін сатып алу тәртібіне қатысты, соның ішінде Клиент Банкті таңдау қаржы қызметін жеткізуші бойынша барлық қажетті рәсімдерден өткенін. – егер Клиент табиғи монополия, мемлекеттік сатып алулар субъектісі болып табылса, немесе оған қаржы қызметін сатып алу тәртібі мен талаптарын анықтайтын басқа да талаптарды қолданса.

**14.9.** Осы Шартпен Банк қылмыстық жолмен алынған кірісті жылыстату, лаңкестік, алаяқтық, сыбайлас жемқорлық және т.б. секілді ақша жылыстату бойынша схемаларды және Банктің қылмыстық әрекеттерге тартылуын болдырмауға жұмыс істейтінін мойындайтынын және келісетінін Банк Клиентті хабардар етеді, ал Клиент Қосылу туралы өтінішке қол қояды. Банктің стандартты жұмысы Банктің беделін сақтауға және қорғауға, банктің адалдығына деген клиенттердің сенімі қандай да бір жолмен бұзылмауына бағытталған. Осыған орай, Банк, өз қалауы бойынша, Банктің клиенттеріне, мәмілелерге және Банк клиенттері жасайтын операцияларға қойылатын белгілі бір талаптарды белгілейді, олар өзгеріп отыруы мүмкін. Мәселен, Банк критерийлер белгілеп, ол бойынша қандай да бір клиент немесе қандай да бір мәміле немесе Клиенттің операциясы оғаш/күдікті клиент және/немесе мәміле/операциялар санатына жатқызылуы мүмкін.

**14.10.** Осымен Шарт бойынша Банкке Клиенттің болашақта беретін және берген (Уәкілетті тұлғалар және Өкілдері бойынша) дербес деректер субъектілерінің дербес деректеріне қатысты, Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) Банктің ішкі құжаттарына сәйкес басқа жағдайларда осындай дербес деректерді жинау, өңдеу қажеттілігі туындайтынын Клиент сендіреді. Клиент алдын ала дербес деректерді субъектілерден алдын алды, оларды ол дербес деректерді жинауға, өңдеуге, үшінші тұлғаларға, соның ішінде банкке дербес деректерді беруге, банктің оларды жинауға және өңдеуге, егер мұндай беру Қазақстан республикасының заңнамасымен тыйым салынбаса немесе шектелмесе, берілген дербес деректерді тиісті шетелдік мемлекеттің қорғауды қамтамасыз етуінен тәуелсіз, дербес деректерді трансшекаралық беруге келісім берді.

**14.11.** Банк анықтаған қажеттілікке байланысты, Клиент жинаған дербес деректер субъектілерінен дербес деректерді жинауға, өңдеуге, үшінші тұлғаларға, соның ішінде банкке дербес деректерді беруге, банктің оларды жинауға және өңдеуге, дербес деректерді трансшекаралық беруге келісімі бар екенін құжаттық растауды Банкке береді.

**14.12.** Жоғарыда көрсетілген келісімнің жоқтығына жауапкершілік Клиентке жүктеледі. Қазақстан Республикасының дербес деректер туралы заңнамасын бұзу үшін Банкке қандай да бір шара қолданылған жағдайда, Клиент Банктің талабы бойынша Банкке келтірілген шығындар мен шығыстарды өтеуді міндеттенеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы түсіндірме.

**14.13.** Осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған жағдайда, Тараптар, олардың үлестес тұлғалары, қызметкерлері және делдалдары:

а) қандай да бір заңсыз артықшылық немесе басқа да заңсыз мақсат үшін, осы тұлғалардың әрекетіне немесе шешіміне ықпал ету үшін, кез келген тұлғаға, тікелей немесе жанама түрде ақша немесе бағалы заттар төлемейді, төлеуді ұсынбайды және төлеуді рұқсат етпейді;

б) Қазақстан Республикасының заңнамасымен осы Шарттың мақсаты үшін қолданылатын пара беру/алу, коммерциялық сатып алу, сыбайлас жемқорлыққа жатқызылатын әрекеттерді жасамайды.

**14.14.** Осы Шарттың Тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың жұмысшыларын/өкілдерін қандай да бір тәсілмен ынталандырудан бас тартады, соның ішінде ынталандырған Тараптың пайдасына қандай да бір әрекетті осы қызметкердің орындауын қамтамасыз етуге бағытталған және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке қоятын осы тармақта санамаланбаған басқа да тәсілдермен және жұмысты (қызметті) олардың мекенжайына өтеусіз орындау, ақша, сыйлық беру арқылы.

Ынталандырушы Тараптың/Клиенттің пайдасына жасалатын қызметкердің әрекеті деп, мыналар түсініледі:

а) басқа да контрагенттермен салыстырғанда ақталмаған мүлікті беру;

б) қандай да бір кепілдік беру;

в) қазіргі рәсімдерді жеделдету

г) Тараптар арасында өзара қатынастың ашықтығы әрі мөлдірлігі қағидаларына қарсы келетін, өзінің лауазымдық міндеттемелері аясында қызметкер орындайтын басқа да әрекеттер.

**14.15.** Осы Шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде әзірленді, олардың әрқайсысының бірдей заңдық күші бар. Мемлекеттік және орыс тілдеріндегі Шарттың мәтіндері арасында айырмашылық болған жағдайда, тараптар Шарттың орыс тіліндегі мәтінін басшылыққа алады.

**14.16.** Осы Шарт Клиенттің талабы бойынша, қолдану, орындау және сақтау ыңғайлы болуы үшін Шот ашқан және Шартта қарастырылған басқа да қызметті көрсету кезінде оған тапсырылады. Клиент Шартта қарастырылғандардан басқа Банк көрсететін басқа қызметтерді алуды қаласа, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде және/немесе ішкі саясаттарда, стандарттарда, рәсімдерде, банктің басқа да ішкі құжаттарында қарастырылған басқа да талаптарды сақтауға, сондай-ақ тиісті қызмет көрсетуге бөлек шарт жасау талап етіледі.

Банк: «Қазақстанның тұрғын үй құрылысы жинақ банкі» АҚ

Мекенжайы/Адрес Алматы қ. Абылай хан даңғ., 91

БСН: 030740001404

БСК: HCSKKZKA , КОД: 972,

ЖСК: KZ33972972287000001S КБЕ:14